ВНД-2023/23

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі
(№8 хаттама) шешімімен
БЕКІТІЛДІ

# «АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-тың ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Қарағанды қ., 2023 жыл

# МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер
2 Негізгі терминдер мен ұғымдар
3 Орнықты даму саласындағы саясаттың мақсаттары мен міндеттері
4 Орнықты даму саласындағы қағидаттар
5 Мүдделі тараптармен озара іс-қимыл
6 Е.А. Бокетов атындағы ҚарУ қызметі үшін орнықты даму мақсаттарына басымдық беру
7 Қоғамның ОДМ мақсаттары мен міндеттері
8 Қорытынды ережелер
1-қосымша

**1 Жалпы ережелер**

1.1 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың орнықты даму саласындағы осы Саясаты (бұдан әрі - Саясат) келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан;

2. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы;

3. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ кодексі;

4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен бекітілген «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы;

5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен бекітілген «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы;

6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен бекітілген «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы;

7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен бекітілген «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін саналы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы;

8. Қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығы ескеріле отырып, міндетті бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптар. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 бұйрығы;

9. ЭЫДҰ «Жасыл өсу» туралы декларациясы;

10. Корпоративтік басқару кодексі;

11. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысы және басқа да ішкі құжаттары.

1.2 Осы саясат Қоғамның орнықты даму саласындағы негізгі мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, сондай-ақ жұмыстың негізгі бағыттарын айқындайды.

1.3 Осы Саясат Қоғам қызметінің барлық түрлеріне қолданылады. Саясат Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерінің және барлық қызметкерлерінің, оның ішінде Қоғамға жұмысқа орналасу кезінде жаңадан қабылданған қызметкерлердің танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

1.4 Саясат тұрақты әрекет ететін Қоғамның ішкі құжаты болып табылады.

1.5 Осы Саясаттың ережелерін сақтау үшін бақылау және жауапкершілік «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ Басқармасына жүктеледі.

1.6 Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқарма мүшелерінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте толықтырулар және (немесе) өзгерістер Басқарма мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

**2 Негізгі терминдер мен ұғымдар**

- ***орнықты даму*** – бұл ресурстарды пайдалану моделі, адамдар мен табиғат арасындағы өзара іс-қимыл моделі, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтай, жеке және қоғамдық денсаулықты нығайта отырып және болашақ ұрпақтың мұндай мүмкіндігінен айырмастан қазіргі ұрпақтың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қол жеткізілетін инновацияларға негізделген білім беруді дамыту моделі;
- ***орнықты даму мақсаттары (ОДМ)*** – бұл кедейшілік пен жоқшылықты жоюға, теңсіздікпен және әділетсіздікпен күресуге, сондай-ақ планетаны қорғауға және бейбітшілік пен бүкіл халық үшін өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған «барлығы

үшін жақсы және мейлінше орнықты болашаққа қол жеткізу жоспары» ретінде 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы тұжырымдаған, жаһандық тұрғыда қабылданған 17 озара байланысты мақсат;

- ***стейкхолдерлер (мүдделі тараптар)*** – бұл Қоғамның нәтижелері мен қызметіне қатысты белгілі бір күтулері бар жеке немесе заңды тұлғалар тобы;
- ***стейкхолдерлер картасы (мүдделі тараптар)*** – стейкхолдерлердің әрқайсысымен жұмыс істеу стратегиясын әзірлеу мақсатында Қоғамның қоршаған ортасы туралы ақпаратты жүйелеуге және визуализациялауға мүмкіндік беретін құрал;
- ***«Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы*** – қызметкерлердің экологиялық сана деңгейін арттыруға бағытталған техникалық және мотивациялық-білім беру іс-шараларын қамтитын кешенді тәсіл.

**3 Орнықты даму саласындағы Саясаттың мақсаттары мен міндеттері**

3.1 Осы Саясаттың мақсаты:

- орнықты даму саласындағы басқару жүйесін құруда Қоғам ұстануға тиіс негізгі қағидаттарды, ережелер мен тәсілдерді айқындау

3.2 Осы Саясаттың міндеттері:

1) орнықты даму саласындағы, оның ішінде мүдделі тараптармен озара іс-қимылдың тиімді және анық жүйесін құру бөлігінде Қоғам қызметінің бағыттарын айқындау;

2) орнықты даму мен Қоғамның негізгі процестерінің озара байланысын айқындау;

3) Қоғам қызметкерлерінің орнықты дамуға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға жәрдемдесу.

**4 Орнықты даму саласындағы қағидаттар**

4.1 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ орнықты даму саласындағы мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- *Ұзақ мерзімділік* – осы Саясатпен айқындалған орнықты даму мақсаттары ұзақ мерзімді кезеңдегі орнықты даму контекстінде Қоғамның білім беру, ғылыми-зерттеу, тәрбиелік, әлеуметтік қызметін жүргізуді білдіреді.
- *Ашықтық* – ОДМ шеңберінде қабылданатын іс-қимылдар негізді болып, ал олардың нәтижелері барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізілуі тиіс.
- *Тиімділік* – ОДМ іске асыру Қоғамның білім беру, ғылыми-зерттеу, тәрбие, әлеуметтік қызметіндегі бизнес-процестерін саналы өзгертуді, мүмкіндіктерді кеңейтуді және стейкхолдерлердің қызығушылығын оята отырып тартуды білдіреді.

**5 Мүдделі тараптармен озара іс-қимыл**

5.1 Қоғамда орнықты дамудың табысты және тиімді саясатын жүргізу үшін мүдделі тараптармен озара іс-қимылға тиісті көңіл бөлінеді.

5.2 Мүдделі тараптардың тізбесін, Қоғамның мүдделеріне ықпал ету дәрежесін және ықпал ету салаларын айқындау мақсатында Қоғамның мүдделі тараптарының картасы әзірленеді.

5.3 Қоғам мүдделі тараптардың екі тобын анықтайды: сыртқы және ішкі стейкхолдерлер.

5.3.1 Сыртқы стейкхолдерлер:

- Қоғамның жалғыз акционері – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- Жергілікті атқарушы органдар;
- Рейтингтік агенттіктер;
- Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындар;
- Жұмыс берушілер: мекемелер, кәсіпорындар, бизнес-қоғамдастық өкілдері;

- Білім беру мекемелері (мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер): жоғары және бітіруші сынып оқушылары және олардың заңды өкілдері;
- ҚР және шет елдердің жоғары оқу орындары;
- Қоғам түлектері;
- Бұқаралық ақпарат құралдары.

5.3.2 Ішкі стейкхолдерлер:

- Директорлар кеңесі;
- Басқарма;
- Білім алушылар;
- Профессор-оқытушылар құрамы;
- Әкімшілік-басқарушылық персонал.

5.3.3 Мүдделі тараптардың Қоғам қызметіне ықпалына қарай Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасасу бағыттары мен тәсілдерін айқындайды.

5.3.4 Қоғамның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру процесі мүдделі тараптардың мүдделерін Қоғам қызметін басқару процесінің барлық кезеңдерінде есепке алуды және мүдделі тараптарды мәні бар тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға тартуды көздейтін тартушылық қағидатына негізделген.

5.3.5 Мүдделі тараптармен қарым-қатынастарды басқаруды ұйымдастыру мақсатында Қоғам өз қызметін мынадай базалық қағидаттарға негіздейді:

1) барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;

2) нысаналы аудиторияларды өз қызметі туралы белсенді хабардар етуге ұмтылады;

3) объективтілікті, шынайылықты, ақпараттық анықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;

4) барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;

5) мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерін орындайды;

6) мүдделі тараптардан тұрақты негізде кері байланыс алады.

**6 Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ қызметі үшін орнықты даму мақсаттарына басымдық беру**

6.1 Осы Саясат Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы «2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібі» деген атпен тұжырымдаған, оның миссиясына, пайымы мен стратегиясына, сондай-ақ оның қоғамдағы білім беру, ғылыми және әлеуметтік рөліне сәйкес келетін өзара байланысты 17 мақсаттың ішінен Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тұрақты дамуының басым алты мақсатын (бұдан әрі - Мақсаттар) айқындайды:

1) Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамдардың әл-ауқатын арттыруға ықпал ету (3 ОДМ);

2) Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барша адамдар үшін өмір бойы білім алу мүмкіндігін көтермелеу (4 ОДМ);

3) Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту (5 ОДМ);

4) Барлық адамдар үшін қымбат емес, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету (7 ОДМ);

5) Берік инфрақұрылым құру, жан-жақты қамтылған және тұрақты индустрияландыруды қамтамасыз етуге және инновацияларды енгізуге жәрдемдесу (9 ОДМ);

6) Орнықты дамуға қол жеткізу құралдарын нығайту және орнықты даму мүддесінде жаһандық әріптестік тетіктерінің жұмысын жандандыру (17 ОДМ).

6.2 6.1-тармақта белгіленген Мақсаттар университет қызметінің алты басым бағыты бойынша сараланады: академиялық жұмыс, ғылыми-зерттеу жұмысы, әлеуметтік жұмыс, тәрбие жұмысы, халықаралық ынтымақтастық, әкімшілік-экономикалық қызмет.

6.3 Қоғамның орнықты дамуының әрбір Мақсаты университеттің тоғыз перспективалық модельдік нұсқасымен байланысты: «Әлеуметтік-бағдарланған университет», «Салауатты өмір салты университеті», «Инклюзивті университет», «Күміс университет», «Толерантты университет», «Жасыл университет», «Зерттеу университеті», «Ақылды университет», «Ашық университет» (1-кесте).

Университеттің модельдік нұсқаларына қол жеткізу қойылған міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады және белгіленген индикаторлардың көмегімен өлшенеді.

1-кесте. Қоғамның орнықты даму мақсаттарына сәйкес болашақтағы университеттің перспективалық модельдерін тұжырымдау:

| ақ-сат-тар № | БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттары | ОДМ іске асырудың басым бағыттары (+ - мақсаттың негізгі бағыты, *- мақсаттың түйіндес бағыты) | | | | | | Университет-тің модельдік нұсқасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Академия-лық жұмыс | ҒЗЖ | Әлеу-меттік жұмыс | Тәрбие жұмы-сы | Халық-аралық ынты-мақтас-тық | Әкімшілік-экономикалық қызмет | |
| [illegible] | Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамдардың әл-ауқатын арттыруға ықпал ету | | | + | * | | * | «Әлеуметтік-бағдарланған университет», «Салауатты өмір салты университеті» |
| 4 | Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барша адамдар үшін өмір бойы білім алу мүмкіндігін көтермелеу | + | | * | | | | «Инклюзивті университет», «Күміс университет» |
| [illegible] | Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту | | | + | + | | * | «Толерантты университет» |
| [illegible] | Барлық адамдар үшін қымбат емес, | * | + | | | | * | «Жасыл университет» |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету | | | | | | | |
| ( | Берік инфрақұрылым құру, жан-жақты қамтылған және тұрақты индустрияландыруды қамтамасыз етуге және инновацияларды енгізуге жәрдемдесу | | + | | | | * | «Зерттеу университеті», «Ақылды университет» |
| 7 | Орнықты дамуға қол жеткізу құралдарын нығайту және орнықты даму мүддесінде жаһандық әріптестік тетіктерінің жұмысын жандандыру | * | * | | | + | * | «Ашық университет» |

**7 Қоғамның орнықты даму мақсаттарының мақсаттары мен міндеттері**

7.1

**3 ОДМ. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамдардың әл-ауқатын арттыруға ықпал ету**

Университеттің модельдік нұсқасы:

- Әлеуметтік-бағдарланған университет
- Салауатты өмір салты университеті

Мақсат: Университетте білім алушылар мен қызметкерлердің салауатты өмір салтын қолдау үшін қолайлы ортаны дамыту

Міндеттер:

1) Университеттің білім алушылары мен қызметкерлерінің физикалық мүмкіндіктері мен қалауларының әртүрлі деңгейін ескеретін спорттық тынығудың түрлі бағдарламаларын әзірлеу және оларды білікті кадрлармен қамтамасыз ету

2) Университет кампусының спорттық инфрақұрылымын жаңғырту

3) Бос уақытта университеттің білім алушылары мен қызметкерлері үшін университеттің спорттық инфрақұрылымының қолжетімділігін қамтамасыз ету

4) Салауатты өмір салтының артықшылықтарын түсіндіру және эталондық нәтижелерді көрсету бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру

**4 ОДМ. Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барша адамдар үшін өмір бойы білім алу мүмкіндігін көтермелеу**

Университеттің модельдік нұсқасы: Инклюзивті университет

Мақсат: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі сапалы білім алуда университет білім алушылары үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

Міндеттер:

1) Жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс табу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті дағдыларға ие университет түлектерінің санын көбейту

2) Экономикалық, технологиялық, әлеуметтік трендтерге сәйкес университеттің академиялық инфрақұрылымын, ресурстық оқу базасын құру және жетілдіру

3) Барлық білім алушылар үшін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктеріне ие білім алушылардың мүдделерін ескере отырып, қауіпсіз, әлеуметтік кедергілерсіз, тиімді оқыту ортасын қамтамасыз ету

4) Әлеуметтік сын-тегеуріндерге ақылға қонымды әрі жедел жауап іздеуде университеттің өмір сүру сапасын арттыруға қосатын үлесін қамтамасыз ету

Университеттің модельдік нұсқасы: Күміс университет

Мақсат: Біліктілікті арттырудың, қосымша білім берудің сапалы бағдарламаларына барлық ниет білдірушілер үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз ету

Міндеттер:

1) Барлық ниет білдірушілер үшін қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, біліктілікті арттырудың, қосымша білім берудің қымбат емес және сапалы бағдарламаларына, қосымша мамандықтар мен біліктіліктер алу бағдарламаларына, оның ішінде онлайн форматта қол жеткізуді қамтамасыз ету

2) Цифрлық сауаттылықты дамыту

3) Кәсіпкерлік дағдылар мен құзыреттерді дамыту

4) Біліктілікті арттыру, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға тарту мақсатында жеке сектормен әріптестікті кеңейту

5) ОДМ элементтерін экономиканың барлық секторларында мемлекеттік қызметшілер мен басқарушылық шешімдер қабылдайтын адамдардың біліктілігін арттыру жүйесіне енгізу

**5 ОДМ. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту**

Университеттің модельдік нұсқасы: Толерантты университет

Мақсат: Университеттік білім мен ғылым жүйесіне гендерлік білімді енгізу, сондай-ақ гендерлік әралуандылыққа толерантты қатынасты тәрбиелеу жөніндегі жұмысты күшейту.

Міндеттер:

1) Білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оларға гендерлік теңдік мәселелерін, гендерлік проблематика аспектілерін енгізу есебінен университеттің ғылыми зерттеулер тақырыптарының тізбесін кеңейту.

2) Университеттің тәрбие жұмысы жоспарына гендерлік әралуандылыққа толерантты қатынасты тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды енгізу.

3) Қоғам білім алушыларының, қызметкерлерінің және стейкхолдерлердің гендерлік мәдениетін арттыру жөніндегі іс-шаралар арқылы университет имиджін жақсарту.

4) Әйел азаматшаларды университетті басқаруға тарту кезінде гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, басқарушылық шешімдер қабылдау.

5) халықты отбасы институтын, гендерлік теңдікті нығайту, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою жөніндегі шаралармен қамтудағы университеттің рөлін арттыру.

**7 ОДМ. Барлық адамдар үшін қымбат емес, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету**

Университеттің модельдік нұсқасы: Жасыл университет

Мақсат: Университетте энергия үнемдеу технологияларын енгізу және заманауи жаңартылатын энергия көздерін пайдалану үшін қолайлы ортаны дамыту

Міндеттер:

1) Энергия үнемдеу технологияларын қолдана отырып, жасыл құрылыс бағдарламаларын әзірлеу

2) «Ақылды ғимараттар» жобаларын енгізе отырып, университет кампусының энергетикалық инфрақұрылымын жаңғырту

3) Жаңартылатын энергия көздерін әзірлеу және енгізу үшін білім алушылар мен қызметкерлерге бағытталған университеттің ғылыми инфрақұрылымының қолжетімділігін және қосымша қаржыландыруды қамтамасыз ету

4) Университет кампусының аумағында энергия үнемдеу технологияларын қолданудың және көміртегі ағын азайтудың артықшылықтарын түсіндіру бойынша білім алушылармен, ПОҚ және университет қызметкерлерімен жүйелі жұмысты ұйымдастыру

**9 ОДМ. Берік инфрақұрылым құру, жан-жақты қамтылған және тұрақты индустрияландыруды қамтамасыз етуге және инновацияларды енгізуге жәрдемдесу**

Университеттің модельдік нұсқасы:

- Зерттеу университеті
- Ақылды университет

Мақсат: Университетте жоғары технологиялық инновациялық өнімдерді әзірлеуге және өндіруге, сондай-ақ академиялық ғылым мен индустриялық секторды ықпалдастыруға бағдарланған тиімді инновациялық экожүйе құру.

Міндеттер:

1) Жоғары оқу орнының инновациялық қызметті дамыту саласындағы академиялық басымдықтың өңірлік орталығы ретіндегі рөлін күшейту.

2) Университеттің ғылыми-білім беру және инновациялық әлеуетін ғылым мен техниканы дамытудың басым бағыттарын іске асыруға бағдарлау.

3) Инновациялық ғылыми және білім беру өнімдерін, стартап-жобаларды коммерцияландыру жүйесін дамыту

4) Ғылыми-техникалық және білім беру инновацияларын, стартап-жобаларды (бизнес-инкубатор, акселерациялық бағдарламалар, технопарк және басқа да инновациялық инфрақұрылым институттары) кешенді қолдаудың экожүйесін құру.

5) Университеттің оқу процесіне ПОҚ, ғалымдардың ғылыми-инновациялық қызметінің нәтижелерін енгізу.

**17 ОДМ. Орнықты дамуға қол жеткізу құралдарын нығайту және орнықты даму мүддесінде жаһандық әріптестік тетіктерінің жұмысын жандандыру**

Университеттің модельдік нұсқасы: Ашық университет

Мақсат: Орнықты даму мүддесі үшін жаһандық әріптестік шеңберінде алыс және жақын шетелдерден келген стейкхолдерлермен жұмысты жандандыру.

Міндеттер:

1) Университетті орнықты даму саласындағы әлемдік рейтингтерде ілгерілету бойынша жұмысты ұйымдастыру.

2) Алыс және жақын шетелдерден келген стейкхолдерлермен орнықты даму саласында бірлескен іс-шаралар өткізу.

3) Орнықты даму саласында бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.

7.2 Қоғамның ОДМ іске асыру шаралары мен индикаторлары осы Саясаттың 1-қосымшасында нақтыланады.

7.3 Қоғамның ОДМ іске асыру шаралары мен индикаторлары белгілі бір кезеңге белгіленеді.

**8 Қорытынды ережелер**

8.1 Осы Саясат Директорлар кеңесі бекіткеннен кейін күшіне енеді.

8.2 Осы Саясатты бақылау және іске асыру жауапкершілігі Қоғам Басқармасына жүктеледі.

8.3 Осы Саясатты іске асыруға жауапты құрылымдық бөлімше мониторингті жүзеге асырады және оның қолданылу мерзімі ішінде осы Саясатқа өзгерістер енгізу қажеттігін айқындайды.

1-қосымша

## Қоғамның ОДМ іске асыру шаралары мен индикаторлары (2023 – 2030 жж.)

| № | Қоғамның ОДМ іске асыру шаралары | Индикаторлар | Межелік шегі | Мерзімділігі | Университеттің модельдік нұсқасы |
|---|---|---|---|---|---|
| ***3 ОДМ. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамдардың әл-ауқатын арттыруға ықпал ету*** | | | | | |
| 1 | Университет кампустарында фитнес аймақтарын ашу және қолдау | Фитнес аймақтар саны | әрбір оқу корпусына кемінде 1 | 2030 ж. дейін | • Әлеуметтік-бағдарланған университет<br>• Салауатты өмір салты университеті |
| 2 | Университеттің білім алушылары мен қызметкерлері үшін шеберлік сыныптарын, тренингтер, семинарлар және т.б. өткізу үшін спорт нұсқаушыларын, жаттықтырушыларды, нутрициологтарды шақыру | Салауатты өмір салты туралы университеттік іс-шараларға қатысу | білім алушылардың кемінде 40%-ы және қызметкерлердің 25%-ы | Жыл сайын | |
| 3 | Кампус аумағында университеттік БАҚ, көпшілік дәрістер, флешмобтар арқылы салауатты өмір салтының пайдасы және оны университет жағдайында қолдау мүмкіндіктері туралы әлеуметтік жарнаманы әзірлеу және тарату | Кампус аумағында әлеуметтік жарнаманың болуы | жылына кемінде 5 бірлік | Жыл сайын | |
| 4 | Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша іс-шаралар өткізу | Салауатты өмір салтының профилактикасы жөніндегі іс-шаралармен қамтылған университет білім алушылары мен қызметкерлерінің үлесі | 80% | Жыл сайын | |
| ***4 ОДМ. Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барша адамдар үшін өмір бойы білім алу мүмкіндігін көтермелеу*** | | | | | |
| 1 | Білім алушылардың университетте оқудың инфрақұрылымдық және ресурстық жағдайларына қанағаттануын бағалау | Білім алушылардың оқу жағдайларына қанағаттануы | кемінде 80% - 2023ж.<br>кемінде 85% - 2026ж.<br>кемінде 90% - 2029ж. | 3 жылда 1 рет | Инклюзивті университет |
| 2 | Оқу аудиториялары мен зертханаларды заманауи оқу жабдықтарымен қайта жарақтандыру және модификациялау | Қазіргі заманғы оқу жабдықтарымен жаңартылған оқу аудиториялары мен зертханалардың үлесі | кемінде 10% | Жыл сайын | |
| 3 | Білім алушылар мен оқытушылар үшін жайлылық аймақтарын құру | Білім алушылар мен оқытушылар үшін жайлылық аймақтарының саны | әрбір оқу корпусында кемінде 2 | 2030 ж. дейін | |
| 4 | Материалдық және әдістемелік білім беру базасын жаңғыртуға қаражат инвестициялауға тарту мақсатында жеке сектормен әріптестікті кеңейту | Университеттің материалдық және әдістемелік білім беру базасын жаңғыртуға жеке сектор инвестициялаған қаражат көлемі | кемінде 5 млн. тенге | Жыл сайын | |
| 5 | Университеттің академиялық және әлеуметтік инфрақұрылымының қауіпсіздігіне мониторинг | Жазатайым оқиғалардың, жанжалды жағдайлардың саны | университет бойынша 5-тен | Жыл сайын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізу | | аспайды | | |
| 6 | Университетте өмір сүру сапасын арттыруды және әлеуметтік сын-қатерлерді шешуді қамтамасыз ететін шараларды әзірлеу бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру | Іске асырылатын әлеуметтік жобалар саны | университет бойынша кемінде 4 | Жыл сайын | |
| 7 | Біліктілікті арттыру, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша жеке сектор өкілдерімен әріптестікті кеңейту | Жеке сектор өкілдерімен әріптестік нәтижесінде іске асырылған біліктілікті арттыру, қосымша білім беру бағдарламаларының саны | кемінде 2 | Жыл сайын | Күміс университет |
| 8 | Экономиканың барлық секторларында мемлекеттік қызметшілер мен басқарушылық шешімдер қабылдайтын адамдар үшін біліктілікті арттыру, орнықты даму саласында қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу | Экономиканың барлық секторларында мемлекеттік қызметшілер мен басқарушылық шешімдер қабылдайтын адамдар үшін орнықты даму саласындағы біліктілікті арттыру, қосымша білім беру бағдарламаларының саны | кемінде 2 | Жыл сайын | |
| ***5 ОДМ. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту*** | | | | | |
| 1 | Университеттің оқу бағдарламаларын (силлабустарын) оларға гендерлік проблематиканың аспектілерін енгізу есебінен жаңарту | Гендерлік проблематика аспектілерін қамтитын оқу бағдарламаларының (силлабустардың) үлесі | 5%-ға дейін | Жыл сайын | Толерантты университет |
| 2 | Гендерлік теңдік мәселелері және гендерлік өлшеу әдістемесі бойынша профессор-оқытушылар құрамы үшін семинарлар өткізу | Университеттің білім алушылары мен қызметкерлерін гендерлік теңдік және гендерлік өлшеу әдістемесі мәселелері бойынша семинарлармен қамту үлесі | 30%-ға дейін | 3 жылдық кезеңде | |
| 3 | Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған гранттардың жоғары оқу орны ішіндегі конкурсының, ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыруға арналған республикалық конкурсының, Erasmus+ халықаралық жобаларының, БҰҰ бастамаларының және т. б. нәтижелері бойынша қаржыландыруға ие болған гендерлік мәселелер бойынша жобалар әзірлеу. | Ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған жоғары оқу орны ішіндегі гранттар конкурсының, ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыруға арналған республикалық конкурстың, Erasmus+ халықаралық жобаларының, БҰҰ бастамаларының және т.б. нәтижелері бойынша қаржыландыруға ие болған гендерлік мәселелер бойынша жобалар саны. | университет бойынша кемінде 1 | 3 жылдық кезеңде | |
| 4 | «БҰҰ-әйелдер» құрылымының жаһандық және өңірлік бастамалары шеңберіндегі іс-шараларға оқытушылардың, қызметкерлер мен білім алушылардың қатысуы | Толеранттылықты қалыптастыру жөніндегі іс-шараларға тартылған ПОҚ пен білім алушылардың үлесі | 20%-ға дейін | Жыл сайын | |
| 5 | Гендерлік теңдік, Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын түсіндіру бойынша | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | педагогикалық даярлық бағыттарының білім алушылары үшін тренингтер өткізу (2016 ж.) | | | | |
| 6 | Отбасы институтын нығайту, гендерлік теңдік, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою мәселелері бойынша халықты қамтудағы университеттің рөлін арттыруға бағытталған гендерлік мәселелер бойынша ашық дәрістер, дөңгелек үстелдер өткізу | Халық арасында гендерлік мәдениетті арттыру бойынша университет өткізетін іс-шаралар саны. | университет бойынша кемінде 1 | Жыл сайын | |
| 7 | Оқытушылар мен білім алушылардың елдің қоғамдық-саяси өміріндегі әйелдердің рөлін арттыру, өзін-өзі жүзеге асыру үшін тең мүмкіндіктер жасау жөніндегі әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысуы | Гендерлік теңдік саласындағы әлеуметтік жобаларға қатысатын университеттің ПОҚ және білім алушыларының үлесі | 10%-ға дейін | Жыл сайын | |
| ***7 ОДМ. Барлық адамдар үшін қымбат емес, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету*** | | | | | |
| 1 | Жасыл кеңсені ашу және қолдау | Жасыл кеңсе тұжырымдамасын жүзеге асыру | 100% | 2030 жылға дейін | Жасыл университет |
| 2 | Университетте энергия үнемдеу технологияларын қолдана отырып, жасыл құрылысты дамыту жүйесін қолдау | 1. Университет ғимараттарының жылу тиімділігін бағалау<br>2. Университет корпустарында жарықтандыруды автоматты реттеу жүйелерін енгізу | кемінде 3 бірлік<br><br>100% | 3 жылдық кезеңде<br>2030 ж. дейін | |
| 3 | Университеттің білім алушылары мен қызметкерлері үшін баламалы энергия көздерін қолдану және көміртегі дағын азайту мәселелері бойынша шеберлік сыныптарын, дөңгелек үстелдер, семинарлар мен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру | Е-семинарлар, біліктілікті арттыру курстары форматында энергия үнемдеу (экоағарту) негіздерін оқытумен қамтылған университет білім алушыларының, қызметкерлерінің және ПОҚ үлесі | кемінде 20% | Жыл сайын | |
| 4 | Университеттің білім беру және (немесе) оқу бағдарламаларына жасыл экономиканы дамыту, энергия үнемдеу мәселелері бойынша тақырыптарды енгізу | Энергетикалық тиімділік және жасыл технологиялар мәселелері бойынша пәндерді және (немесе) бөлімдерді қамтитын университеттің білім беру және (немесе) оқу бағдарламаларының үлесі | кемінде 10 % | 5 жылдық кезеңде | |
| ***9 ОДМ. Берік инфрақұрылым құру, жан-жақты қамтылған және тұрақты индустрияландыруды қамтамасыз етуге және инновацияларды енгізуге жәрдемдесу*** | | | | | |
| 1 | Ғалымдардың, оқытушылар мен білім алушылардың инновациялық мінез-құлқына және олардың инновациялық процеске белсенді қатысуына ықпал ететін жағдайлар жасау | 1. Бюджеттік көздерден ҒЗТКЖ қаржыландыру үлесі (мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен гранттық жобалар)<br><br>2. Бюджеттен тыс көздерден ҒЗТКЖ қаржыландыру үлесі (шаруашылық шарттық жобалар, халықаралық жобалар)<br><br>3. ПОҚ жалпы санына инновациялық жобаларға | ҒЗТКЖ-ны жалпы қаржыландырудың кемінде 60%-ы<br><br>ҒЗТКЖ-ны жалпы қаржыландырудың кемінде 40%-ы<br><br>кемінде 25% | 3 жылдық кезеңде<br><br>3 жылдық кезеңде<br><br>Жыл сайын | • Зерттеу университеті<br>• Ақылды университет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тартылған ПОҚ үлесі<br>4. Студенттердің жалпы санына есепті жылы инновациялық жобаларға тартылған білім алушылардың үлесі<br>5. Білім алушылардың, ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу және кәсіпкерлік қызметті қолдау бойынша жоғары оқу орнының инновациялық инфрақұрылымына қанағаттану дәрежесі | кемінде 7%<br>кемінде 80% | Жыл сайын<br>3 жылда 1 рет | |
| 2 | Іргелі және қолданбалы зерттеулерді іске асыру, ғылымды қажетсінетін өнімдерді, қызметтерді құру және сату | 1. Университетте орындалған ҒЗТКЖ-дан түсетін кірістердің жоғары оқу орнының жалпы кірістеріндегі үлесі<br>2. Жоғары оқу орнының зияткерлік қызмет нәтижелерін пайдаланудан алған қаражатының жоғары оқу орнының жалпы кірістеріндегі үлесі | кемінде 10%<br>кемінде 10% | Жыл сайын<br>Жыл сайын | |
| 3 | Ғылыми-техникалық және білім беру инновацияларын, стартап-жобаларды өңірлік және ұлттық нарыққа ілгерілетуді қамтамасыз ету | 1. Стартап-жобаларды (бизнес-инкубаторлар, технопарк, акселерациялық бағдарламалар және т.б.) нарықтық ілгерілетуді қамтамасыз ететін университеттегі инновациялық инфрақұрылым объектілерінің саны<br>2. Сыртқы қаржыландыруға ие болған стартап-жобалардың саны<br>3. Университет жанынан құрылған шағын инновациялық кәсіпорындардың саны.<br>4. Университет жанынан құрылған жұмыс істеп тұрған шағын инновациялық кәсіпорындардың ақша қаражаттарының жиынтық айналымы. | кемінде 1<br>кемінде 5<br>кемінде 3<br>кемінде 10 млн. теңге | Жыл сайын<br>Жыл сайын<br>2030 ж. дейін<br>2030 ж. дейін | |
| 4 | Университетте инновациялық қызметті қолдаудың қаржылық-экономикалық тетіктерін дамыту | ПОҚ және университет білім алушыларының инновациялық білім беру және ғылыми-зерттеу жобаларын қолдауға арналған бюджеттегі қаражаттың жалпы бюджетке үлесі | кемінде 1% | Жыл сайын | |
| 5 | Өңірде инновациялық қызметті жүзеге асыратын және қолдайтын ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту | 1. Білім алушыларды мақсатты даярлау шартына қол қойылған кәсіпорындар саны.<br>2. Бизнес-ортадағы серіктестермен бірлесе құрылған инновациялық инфрақұрылым объектілерінің (мамандандырылған кабинеттердің, зертханалардың және т. б.) саны<br>3. Бизнес-ортадағы серіктестермен зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы бірлескен жобалар саны. | кемінде 30<br>кемінде 2<br>кемінде 5 | Жыл сайын<br>Жыл сайын<br>Жыл сайын | |
| ***17 ОДМ. Орнықты дамуға қол жеткізу құралдарын нығайту және орнықты даму мүддесінде жаһандық әріптестік тетіктерінің жұмысын жандандыру*** | | | | | |
| 1 | TOP-200 Times Higher Education (THE) - The Impact Ranking и UI Green Metric World | Орнықты дамудың озық саясатын енгізген алыс және жақын шетелдердің жоғары оқу | кемінде 5 шарт | 2030 ж. дейін | Ашық университет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | University Rankings әлемдік рейтингтеріне кіретін алыс және жақын шетелдердің жоғары оқу орындарымен және ҒЗИ-мен шарттар (меморандумдар) жасасу және іске асыру | орындарымен және ҒЗИ-мен іске асырылған шарттардың (меморандумдардың) саны | | | |
| 2 | Орнықты даму саласында (экология, экономика, әлеумет) білім алушылармен, ғылыми қызметкерлермен және оқытушы кадрлармен халықаралық академиялық алмасуды кеңейту | Орнықты даму саласында (экология, экономика, әлеумет) алмасу және академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысқан білім алушылар, ПОҚ және ғылыми қызметкерлер саны. | кемінде 10% | Жыл сайын | |
| 3 | Орнықты даму саласында (экология, экономика, әлеумет) бірлескен білім беру бағдарламасын құру және іске асыру | Тұрақты даму саласындағы (экология, экономика, әлеумет) бірлескен білім беру бағдарламаларының саны | кемінде 3 бірлескен ББ | 2030 ж. дейін | |
| 4 | Университетті орнықты даму бағыты бойынша мамандандырылған әлемдік рейтингтерде ілгерілету | 1. Университеттің Times Higher Education (THE) - The Impact Ranking әлемдік рейтингіне кіруі<br>2. Университеттің UI Green Metric World University Rankings әлемдік рейтингіне кіруі | | 2030 ж. дейін | |

Келесі құрамдағы жұмыс тобы әзірледі:
Төраға: Б.А.Жетписбаева, Басқарма мүшесі, стратегиялық даму жөніндегі проректор.
Жұмыс тобының мүшелері:
- С.А.Шункеева – Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаментінің директоры;
- Ж.С.Хусаинова – экономика факультетінің деканы, профессор, э.ғ.к.;
- Ж.М.Жартай – экономика және халықаралық бизнес кафедрасының меңгерушісі, қауымд.профессор, PhD;
- С.Г.Карстина – физика және нанотехнологиялар кафедрасының профессоры, ф.-м.ғ.д.;
- Б.А.Досова – бүкіләлем тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының қауымд.профессоры, т.ғ.к.;
- М.Ю.Ишмуратова – ботаника кафедрасының қауымд.профессоры, б.ғ.к.

Келісілді:

Басқарма мүшесі, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор ____________ Е.М. Тажбаев

Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі, проректор ____________ С.С. Сагинтаева

Басқарма мүшесі, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор ____________ М.Ж. Сыздыков

Басқарма мүшесі, әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі проректор ____________ А.С. Молдабаев

Қаржы директоры ____________ К.М. Бекмагамбетова

Ректор аппаратының басшысы ____________ С.К. Калкаманов

Қосымша білім беру факультетінің деканы ____________ С.Д. Муканова